

ЭОЖ 343.98.067

А.О. Шакинов, заң ғылымдарының кандидаты, профессор

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы)

E-mail: shakenov_a@mail.ru

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың криминалистикалық сипаттамасы туралы

Аңдатпа. Ғылыми мақалада қылмыстың криминалистикалық сипатының түсінігі мен мәні, осы ұғымның қалыптасу тарихы зерттеледі, сондай-ақ осы ғылыми санаттың қазіргі криминалистика теориясындағы орны мен роліне назар аударылады. Зерттеуде қылмыстарды тергеудің жеке криминалистикалық әдістемесінің дербес элементі болып табылатын криминалистикалық сипаттама криминалистикалық теория мен тәжірибенің негізгі ұғымдарының қатарына жатады. Автор «қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы» деген сөз тіркесі ретінде қылмыстың жекелеген түрлерінің элементтері мен олардың механизмдері туралы әдеттегі деректер жүйесін түсіну керектігін көрсетеді. Нақты құқық бұзушылық бойынша нақты қылмыстарға қатысты тергеу субъектісіне түсетін криминалистикалық ақпарат жүйесі туралы мәселені қарау қажет.

Еңбекте сапалы жаңа қылмыстық көріністерге қарсы тұру үшін «қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы» санатының маңыздылығы атап көрсетіледі, олардың арасында автор киберқылмыстарды бөліп көрсетеді. Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы деген ұғым қылмыстарды ашу, тергеу және алдын алу жөніндегі ғылыми міндеттерді шешумен қатар негізгі тәжірибелік мақсаттарды, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың жаңа құрамын тергеуге қатысты міндеттерді іске асыруға қабілетті екендігіне күмән жоқ.

Нәтижесінде, автор мақалада тұжырымдалған қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы ұғымы қылмыстарды ашу, тергеу және алдын алу жөніндегі ғылыми міндеттерді шешумен қатар тергеудің негізгі тәжірибелік мақсаттарына жататын міндеттерді, соның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың жаңа құрамдарын іске асыруға қабілетті деген қорытындыға келеді.

Түйін сөздер: қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы, криминалистикалық маңызды ақпарат, жеке криминалистикалық әдістеме, қылмыстарды тергеу, киберқылмыс.

Кіріспе. Криминалистиканың қазіргі кездегі даму кезеңі теория мен методологияның жоғары деңгейімен, жеке криминалистикалық ілімдердің, принциптердің және міндеттердің жетілгендігімен, сондай-ақ арнайы терминдер мен түсініктер жүйесінің болуымен сипатталады. Солардың негізінде криминалистика ғылымының пәні мен объектісін, оның ішінде қылмыстық қызмет және оларды ашып-тергеуге және алдын алуға бағытталған іс-қимылдармен үйлесімді арнайы заңдылықтарды ғылыми танып-білу іске асырылады. Мұндай таным нәтижелері ретінде әрдайым жаңартылып, өзектілігімен көзге түсетін криминалистикалық білімдер жүйесі, солардың негізінде дайындалып, жетілдірілетін әртүрлі әдіс-тәсілдер, құралдар және криминалистикалық қызметті іске асыруға бағытталған ұсынымдар жүреді.

Ғылымның идеологиясы ғалымдардың қоғамдық құндылықтар, ғылымның қоғам өміріндегі және ғалым қызметкерлер арасындағы қарым-қатынастардағы ролі, ғылымның даму бағдарламалары туралы ой-пікірлер, оның мемлекеттік және басқа да қоғам институттарымен арақатынастары туралы жалпы көзқарастармен көзге түсетін ғылыми қауымдастықтың қоғамдық өзін-өзі тану формасымен байқалады. Мұндай көзқарас криминалистика ғылымына да тән, оның қазіргі заманғы идеологиялық векторы криминалистиканы арнайы, әрі қолданбалы сипаттағы заңгерлік ғылым ретінде ары қарай дұрыс дамуына, яғни күнделікті өмір талабына жауап беретін құқық қорғау практикасын қылмыстық мінез-құлық түрлері мен әртүрлі оның формалары, қылмыстарды тергеу саласындағы құқық қорғау қызметкерлері жұмысының тиімділігін арттырушы әдіс-құралдар мен ұсынымдар жайлы білімдермен қамтамасыз етуге бағытталған. Осылайша, қылмыстарды ұтымды тергеу нәтижесі жекелеген қылмыс түрлерінің криминалистикалық сипаттамасының санаттарында іске асырылған криминалистикалық ғылым жетістіктерін шеберлікпен қолдануына байланысты болады.

Жеке криминалистикалық әдістеменің элементі болып келетін криминалистикалық сипаттама бұрыннан бері криминалистикалық теория және практиканың негізгі түсініктерінің қатарында. Мұндай түсініктің мазмұны қылмыс және оның құрамының элементтері туралы, кінәліні әшкерелеуде маңызды мәліметтердің, дәлелдеу затына қатысты қылмыс орны, уақыты, тәсілі және басқа да жағдайлардың, сондай-ақ олармен байланысты фактілердің бір жүйеге келтірілген жиынтығын құрайды. Жекелеген қылмыс түрлерінің криминалистикалық сипаттамасын құрайтын мәліметтерді тергеуде шеберлікпен қолдану келешек тергеушілердің кәсіби деңгейін анықтаушы фактор ретінде қарастырылады [1, 7 б.]. Қылмыстарды, соның ішінде куәгерлерсіз жасалғандарды тергеуді ұйымдастыруға кәсіби көзқарас тергеудегі қылмыстың криминалистикалық сипаттамасын құрастырушы осы қызметтің тиісті ақпараттық базасын зерттеумен шартталған.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің негізіне әлеуметтік және құқықтық құбылыстар мен түсініктерді, олардың дамуы мен өзара шарттылығын танудың диалектикалық әдісі алынған. Сонымен қатар тарихи, салыстырмалы-құқықтық, жүйелі-құрылымдық, социологиялық, статистикалық, логикалық зерттеулердің жалпы және жеке ғылыми әдістері қолданылды.

Нәтижелер. Бүгінгі таңда ғалым-криминалистердің көпшілігімен қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы криминалистикалық ғылым санаты ретінде қабылданып, арнайы әдебиеттерде қарастырылып отырған сипаттама тергеудің ақпараттық құралдарының бірі ретінде көрсетілген.

Алайда, кейінгі жылдары жарық көрген біршама ғылыми әдебиеттерде осы түсініктің басқа ғылыми талаптарға жауап беретіндігі жөніндегі көзқарастар жоқ емес. Оның ішінде «қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы» сөз тіркесі мен түсінігінен бас тарта отырып, жеке криминалистикалық әдістемеді нақты қылмыстық істер бойынша дәлелдеу затын басты элемент ретінде көрсетуді ұсынған [2, 11-12 б.]. Мұндай көзқарастар пікірталастық болып табылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 113 бабына талдау жүргізу заңда көрсетілген анықтауға жататын дәлелдемелердің жалпы сипаты бар екендігін байқатты. Егерде дәлелденуге жататын мән-жайлардың ерекшеліктерін нақты қылмыс түріне қатысты егжей-тегжейлі қарастыратын болсақ, қалай болмасын криминалистикалық сипаттама түсінігіне жүгінетіміз сөзсіз. Мұнда, қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы және қылмыстық іс бойынша дәлелдеу заты бір-біріне жақын түсінік болса да, әртүрлі міндеттерді шешу үшін бағытталған, бірақ бір-бірімен бәсекелеспейтін түсініктер екендігі байқалып отыр.

Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының теориялық негіздерін әрі қарай дамытудың проблемалық сұрақтары ретінде заң әдебиеттерінде көбіне қылмыстық-құқықтық ғылымдар шеңберінде қылмыстардың сипаттамасын құрастырушы ғылыми ережелерді криминалистикаға негізсіз көшіру аталған. Бұл ұстаным пікірталастық болып табылады. Шыныменде, заң әдебиеттерінде қылмыстың зерделенген аспектісіне байланысты осы құбылыстың қылмыстық-құқықтық, қылмыстық-процестік және криминологиялық сипаттамалары құрастырылған [3, 40-43 б.]. Жоғарыда аталған мәліметтердің қылмыстың криминалистикалық сипаттамасын құрастыруда пайдаланатындығында күмән жоқ, сол сияқты криминалистикалық сипаттама ережелері де қылмыстық-құқықтық топтамасындағы басқа да ғылымдармен пайдалануы мүмкін. Қылмыстар сипаттамасының ережелерін әртүрлі заң ғылымдарымен пайдалануы – ол объективті процесс. Криминалистика саласындағы әдебиеттерде дұрыс аталғандай, осы сипаттама құрылымындағы элементтерді қандай да бір қылмыстық іс-әрекет объектісінің мәніне қарай құрастыру кезінде қылмыстар жайлы елеулі қылмыстық-құқықтық және криминологиялық мәліметтерді қолданып, ескерген жөн. Басқаша айтқанда, көрсетілген сипаттама криминалистикалық ұғыну және сипаттауды талап ететін өзінің құқықтық бағдарын жоғалтады.

Ғалым-криминалист А.Ю. Головиннің пікірінше, криминалистикалық теория мен практика үшін криминалистикалық сипаттаманың маңыздылығына дұрыс, әрі шынайы баға беру әртүрлі қылмыс түрлерінің криминалистік маңызы бар қасиеттерін танып, білудегі елеулі рөлімен түсіндіріледі, ол өз алдына дәлелдемелерді және басқа да криминалистикалық маңызы бар ақпараттарды тиімді жинауға, әртүрлі қылмыстарды ашу және тергеуге қатысты міндеттерін нәтижелі шешуге мүмкіндік береді. Қылмыс құрамы да, дәлелдеу заты да дәл осы криминалистикалық сипаттама сияқты криминалистік маңызы бар қырларын көрсетіп бере алмайды [4, 5 б.].

Сонымен, криминалистикалық сипаттама мазмұны материалдарды алдын ала тексеру, қылмыстарды тергеудің бастапқы және келесі кезеңдерінде пайда болатын ситуацияларды дәлме-дәл бағалауға, криминалистикалық болжамдар ұсынуға, тергеудің ең тиімді тактикалық тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді.

«Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының» алғашқы түсінігін А.Н. Колесниченко ұсынған. Бірақ, жұмыстың зерттеу заты тергеу әдістемесінің жалпы ережелері болғандықтан, «криминалистикалық сипаттама» сөз тіркесі қолданылса да, толық көлемде оның мазмұны анықталмаған [5, 9 б.]. Кейінгі еңбектерінде А.Н. Колесниченко осы түсініктің қалыптасуына В.И. Громов, М.С. Строгович, И.Н. Якимов, Б.М. Шавер және басқалармен жекелеген қылмыс түрлерін тергеу практикасын зерттеу нәтижелерінің алғышарт болғандығын атап өткен. Мұнда криминалистикалық сипаттама санаттарының қалыптасу үдерісі тек қылмыстардың ерекше қырлары жайлы бөлек мәліметтерді жүйелендірумен шектелмей, тергеу әдістемесінің сұрақтарын шешуде жаңа көзқарас танытатын ғылымның ұғымдық аппаратын дамытудың заңды нәтижесі екендігін ерекше атап өткен дұрыс.

Қылмыстардың жекелеген түрлерінің криминалистикалық маңыздылығы, яғни тергеу практикасы және ғылыми ұсынымдар дайындау үшін мағынасы бар екендігі жайлы А.Н. Колесниченкомен қатар Л.А. Сергеевпен көрсетіліп, оның ойынша, қылмыстардың ерекшелігін жекелеген қылмыс түрлерінің криминалистикалық сипаттамасы құрайды [6, 4-5 б.]. Бұл анықтамада негізгі болып қылмыс ерекшеліктерінің жинақы сипатына көрсету табылады. Кейіннен бұл жинақылық қылмыстың криминалистикалық маңызы бар белгілерін жүйелі суреттеуге өзгертілген. Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы яғни, криминалистикалық маңызы бар белгілер мен ерекшеліктер жүйесі жайлы ой-пікір, біздің ойымызша, осы түсініктің қалыптасуындағы елеулі қадам болды. Жүйеге

қойылған талаптар құрастырушы элементтерді ажыратып, суреттеумен қатар, олардың өзара байланысын мойындау қажеттілігін көздеген. Алайда, жүйе элементтерінің өзара шартталғандығын мойындау тек ресми түрде айтылған сөз есебінде болды. Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасын зерттеу мәні жүйесіне емес, құрылымына бағытталды. Криминалистикалық сипаттама түсінігінің мазмұны оны құрастырушы элементтерді суреттеу арқылы толықтырылып, қарастырудағы түсініктің қалыптасу үдерісінде орын алған осы ерекшелікке профессор Р.С. Белкин өз назарын аударған.

Автормен әзірлеген шолудың басты мақсаты болып осы түсініктің елеулі элементтерін айқындау, сондай-ақ жеке криминалистикалық әдістеме элементтерінің жүйесінде криминалистикалық сипаттама орнын анықтау табылады.

Бірқатар ғалым-криминалистердің ой-пікірлерін жинақтай келе профессор Р.С. Белкин қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының келесідей тізбесін анықтады: түпнұсқалы ақпарат сипаттамасы, қылмысты жасау және жасыру тәсілі, одан келетін кәдімгі зардаптар жайлы мәліметтер жүйесі, қылмыскердің жеке басы, қылмыс себебі мен мақсаты, қылмысты жасаудың кейбір жағдайлары (орны, уақыты, қоршаған ортасы). Осы кезеңде қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының негізгі құрамын, оның элементтерін айқындау қолданыстағы мәліметтерді бір жүйеге келтіру үшін қажет болды. Арнайы әдебиеттерге талдау жүргізе отырып, профессор Р.С. Белкин бірқатар сыни ой-пікірлерін көпшілік назарына ұсынды.

Біріншіден, жүйеліліктің жоқтығы туралы ескертуді атап өтуге болады. Ғалымның ойынша, жеке әдістемелерді дайындау кезінде криминалистикалық сипаттама элементтерін есепке алу кеңестік криминалистика дами бастағаннан бері іске асырылуда. Әрине, криминалистикалық әдістеменің бастапқы қадам басуында бұл мәліметтер жүйеленбеген түрде келтіріліп, олардың шеңбері тұрақсыз болды, ал кейбір әдістемелерде олардың қандай да бір бөлігі мүлдем орын алмады. Алайда, жүйелілік болмаса да, жеке криминалистикалық әдістемелерді құрастыруда оларды қолдану беталысы әрдайым байқалып отырды [7, 188-189 б.].

Екіншіден, криминалистикалық сипаттама құрамына қандай да бір элементтерді енгізу негізділігі туралы ойды өрбіте келе, профессор Р.С. Белкин былай деген: «Жинақталған нақты әдістемелік ұсынымдар ретіндегі қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасын құрастыру туралы ой-пікір әрине, мақұлданады және қолдауды талап етеді, бірақта мұндай сипаттамаға барлық ұсынылып жатқанды енгізуге бола ма? Мұндай жағдайда криминалистикалық сипаттама шын мәнінде жеке криминалистикалық әдістеменің басқа да бірқатар құрылымдық элементтерінің орнын басып қоймай ма?» Осыны негізге ала отырып, автор криминалистикалық тұрғыда маңызы бар элементтер жүйесіне тергеулік ситуация орнына түпнұсқалы ақпарат сипаттамасын енгізді. Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы құрамына тергеулік ситуацияны енгізу қажеттілігі жайлы мысалы, А.Н. Колесниченко, И.Ф. Герасимов сынды ғалым-криминалистер айтқан болатын. Тергеудің басталу мезетінде болжамдарды құрудағы түпнұсқалы ақпараттар сипаттамасының тікелей маңыздылығын мойындай келе, Р.С. Белкин оларды тергеулік ситуациядан бөлек ұсынып, «...түпнұсқалы мәліметтерді тергеулік ситуация ретінде қарастыруға болмайтындығын атап өтті. Бұл жерде түпнұсқалы мәліметтердің сипаты мен мазмұны тергеулік ситуацияның кейбір компоненттері жайлы түсінік береді, сондықтан да толығымен оған теңестірілуі мүмкін емес. Бірақта, олар қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы түсінігіне сәйкес болғандықтан, сөзсіз оның мазмұнына енгізілуі керек».

Профессор Р.С. Белкинмен айтылған айқын сыни көзқарастарға қарамастан, осы күнге дейін қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының құрамдас мазмұнын түсіндіруде келіспеушіліктер, пікірталастар байқалады. Шыныменде, қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының мазмұны төмендегідей көріністермен толықтырылып жатты: қылмыс географиясымен, мысалы қылмыс түрінің қандай да бір аумақ немесе шаруашылық саласы шеңберінде етек жаюы, сондай-ақ қылмыстық қызметтің әдеттегі даму кезеңдері; қылмыстың қоғамға қауіп төндіруі және кеңінен таралуы; қылмыстық қастандық затын қорғау жағдайлары; кінә және әдеттегі дәлелдемелер мінездемесі және тағы басқалар.

Келтірілген мысалдар жеткілікті көрнекілік деңгейде танымдық ситуацияны көрсетіп отыр, яғни қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының түсінігін дамыту әлі күнге шейін криминалистикалық маңызы бар белгілер жүйесіне жаңа элементтерді қосу арқылы іске асырылады. Әрбір зерттеуші өз ой-пікірімен көпшілікпен бөлісуге құқылы екендігін атап өткен жөн. Бірақта, қылмыстық қызметтің құрамдас бөлігімен жаппай әуестенуді осы элементтердің саны мен құрамы бойынша өткізілетін көрсетпе жарысқа тенеген ғалым-криминалист А.Ф. Лубиннің көзқарасымен келісуге болады [8, 94 б.]. Біздің ойымызша, мұндай жағдай қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының мазмұнына интеллектуалдық бақылау орнату мүмкіндігінен айыруға себеп болады.

Талқылау. Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасына жаңа элементтерді қосу негізділігі туралы сұрақ осыған дейін талданып келсе де, әліде бірыңғай шешімін таппай келеді. Оған дәлел ретінде Р.С. Белкинмен ұсынылған түпнұсқалы ақпарат сипаттамасы, қылмысты жасау және жасыру тәсілі, одан келетін кәдімгі зардаптар жайлы мәліметтер жүйесі, қылмыскердің жеке басы, қылмыс себебі мен мақсаты, қылмысты жасаудың кейбір жағдайлары (орны, уақыты, қоршаған ортасы) түріндегі элементтік құрам әлі күнге шейін өзгеріске ұшырап отырады.

Осы себептерге орай, С.И. Коноваловтың көзқарасын қолдауға болады. Оның айтуынша, қылмыстарды ашу және тергеу міндеттерін нәтижелі шешуді қамтамасыз етуде қылмыстың нақты түрін

тергеу үшін маңызды белгілерді криминалистикалық сипаттама элементі ретінде қарастырғанда криминалистикалық сипаттама элементтерінің саны туралы сұрақ өз шешімін табуы мүмкін. Алайда, қандай да бір қылмыс белгісінің криминалистикалық маңыздылығын бағалауда субъективизмге бой бұрмай, нәтижесінде криминалистикалық сипаттама элементтерінің санын анықтауда объективтік критериймен санасу керек. Автордың пікірінше, криминалистикалық сипаттама негізінде қылмыспен қалдырылған материалдық және идеалдық іздерді зерттеу нәтижесінде анықталған мәліметтер жатыр. Қылмысты қалдырылған іздер аспектісінде зерделеу криминалистикалық көзқарас спецификасын анықтайды. Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының әрбір элементінде әдеттегі қылмыс іздері (материалдық және идеалдық) туралы жинақы ақпарат болғандықтан, оның криминалистикалық маңыздылығында күмән жоқ [9, 53 б.].

Біздің ойымызша, «қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы» сөз тіркесін жекелеген қылмыс түрінің элементтері және оның механизімі туралы әдеттегі мәліметтер жүйесі ретінде түсінген орынды. Нақты қылмысқа қатысты, осы құқық бұзушылық бойынша тергеушімен жинақталатын криминалистикалық маңызы бар ақпарат жүйесі жайлы мәселе тілге тиек етілу керек. Нақты осы ақпарат тергеуші және басқа да құқық қорғау органдары қызметкерлерімен талданып, қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының типтік мағұлматтарымен сәйкестендіріледі және іс жүзінде қодануға алғышарт болады. Нақты қылмысқа қатысты криминалистикалық маңызы бар ақпарат эмпирикалық зерттеу және жинақтау объектісі болып табылады, ал оның нәтижелері криминалистикалық сипаттама негізін қалауға, соның ішінде жаңа қылмыс топтарын тергеуді ұйымдастыруға кәсіби көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

Қазіргі замаңда ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуымен байланысты жағдайларда жалпыға бірдей ақпараттық кеңістіктің қалыптасуы байқалуда. Күннен күнге барған сайын біздің өміріміз Интернет желісінің әртүрлі ресурстарына тәуелді болып, ол желіні қолданушылар саны шапшаң жылдамдықпен өсіп келеді. Осының барлығы ресурстарды қолданушылардың мінез-құлқын құқықтық реттеумен байланысты бірқатар проблемаларды тудырады, ал ол өз алдына осы саладағы қылмыстық іс-әрекеттерді ашу, тергеу және алдын алу тактикасы мен әдістемесінде анық дайындалған жүйенің жоқтығымен байқалады.

Қолданыстағы құқық қорғау жүйесі киберқылмыстылық сияқты қылмыстың жаңа түріне ұтымды қарсылық көрсетуге әліде болса әзір емес. Сарапшылардың мәліметтеріне жүгінсек, әлемде киберқылмыстылық есірткі саудасына қарағанда, қылмыскерлерге көбірек табыс әкеліп, хакерлердің вирустары мен спамдарымен келтірілген зиянның көлемі миллиардтаған долларлармен есептеледі.

Киберқылмыстылық – ол, заңға қарсы, пайдакүнемдік мақсатта жоғары ақпараттық технологияларды пайдалана отырып қаскүнемдермен жасалған қылмыстар. 2015 жылы қолданысқа енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің жетінші тарауы ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарға арналып, киберқылмыстылық қатарынан ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе ақпараттық-коммуникациялық желіге құқыққа сыйымсыз қол жеткізу, ақпараттық жүйенің немесе ақпараттық-коммуникациялық желінің жұмысын бұзу, зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалар мен бағдарламалық өнімдерді жасау, пайдалану немесе тарату сияқты құрамдар орын алған. Сонымен қатар киберкеңістікте жасалатын қауіпті, әрі кеңінен тараған қылмыстық қастандықтардың қатарына ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен іске асырылатын алаяқтықты жатқызуға болады. Осындай қылмыстарды ізін суытпай, толыққанды және нәтижелі ашу үшін тергеуге ықпал етуші криминалистикалық маңызы бар, сол сияқты қылмысқа дайындық, жасау және жасыру ерекшеліктері туралы мағұлматтар жиынтығымен көзге түсетін криминалистикалық сипаттама қажет.

Криминалистикалық тұрғыдан қарағанда киберкеңістікке тән ерекшелік – онда өзара қарым-қатынасқа түсуші із жасаушы объектілерден қалған іздердің физикалық тұрғыда сыртқы құрылымы болмағандықтан, осыған дейін трасологияда оқып-үйренген материалдық іздермен жұмыс жасауда қолданылатын әдіс-құралдар арсеналы жеткіліксіз болады. Қылмыстың виртуалдық іздерімен жұмыс жасауға қажетті амалдары әліде болса еліміздің қылмыстық-процестік заңнамасында өзінің көрінісін таппай, тек бөлек криминалистикалық ұсынымдарда орын алған. Осылайша, виртуалдық іздер ретінде техникалық құралдардың жадында, электромагниттік өрісте, машинада оқылатын ақпарат тасымалдағыштарда сақталған іздер түсініледі. Мұнда тікелей адам қызметінің іздері мен бағдарламалар тәрізді іздердің бірнеше санаттары енгендіктен, іздердің жасалу механизмі қиындатылған. Осының салдарынан киберқылмыстылықтарда оларды жасау орны мен уақытын анықтау айтарлықтай қиын болғандықтан, қылмысты тергеуге сөзсіз кері әсерін тигізеді.

Криминалистикалық тұрғыдан киберқылмыстылықтың тағы бір ерекшелігі – олар әрдайым компьютерлік техника құралдарының көмегімен жасалады: компьютерлер, планшеты, смартфондар, сымды және сымсыз компьютерлік технологиялар (Wi-Fi және т.б.), ашық айналымдағы, тыйым салынған немесе шектеулі бағдарламалық қамтамасыздықтар, тегін таратылатын бағдарламалар, вирустық бағдарлама және тағы басқалар. Қылмысты жасау субъектісіне келетін болсақ, әдетте, ондайларға пайдакүнемдік пиғылдағы жоғары білікті бағдарламашылар немесе телекоммуникациялық жүйе саласындағы инженерлер мен мамандар, жоғары интеллектуалдық деңгейге ие банк қызметкерлерін жатқызуға болады. Осындай санаттағы қылмыстарды тергеу кезінде қылмыскердің

компьютерлік технологиялар саласындағы арнайы білімдердің иегері екендігіне тергеуші бағдар болу керек.

Қорытынды. Қорытындылай келе, киберқылмыстылық бүгінгі таңда өзінің бірқатар ерекшеліктерімен көзге түсіп, олар тергеу барысында ескерілуі керек, ал криминалистер болса осы ерекшеліктерді талдап, ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар тергеу және алдын алуға қажетті, заман талабына сай техникалық-криминалистикалық, тактикалық және әдістемелік ұсынымдарды дайындау жұмысын жандандырған жөн. Әрбір қылмыс түрін, сонымен қатар киберқылмыстылықты нәтижелі тергеу үшін тергеуші оның мәніне көз жүгіртіп, оның криминалистикалық сипаттамасын көпшілік назарына ұсыну керек, сонда ғана тергеу әрекеттерінің әдістемесі дұрыс түсініліп, нақты жағдайда ең жақсы ойластырылған бағыттарды, әдіс-құралдарды таңдау мүмкіндігі пайда болады [10, 306 б.].

Осылайша, қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының дәл осындай түсінігі қылмыстарды ашу, тергеу және алдын алуға ғылыми міндеттерді шешумен қатар, негізгі практикалық мақсаттарды, соның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың жаңа құрамдарын тергеп-тексеруге қатысты міндеттерді іске асыруға қабілетті екендігінде күмән жоқ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Шакенов А.О., Еленюк А.Г., Шарипов С.Р., Жунусова А.Ж. Справочник следователя: Учебно-практическое пособие / А.О. Шакенов, А.Г. Еленюк, С.Р. Шарипов, А.Ж. Жунусова. – Караганда: Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, 2015. – 379 с.

2 Белкин Р.С. Понятие, ставшее «криминалистическим пережитком» / Р.С. Белкин // Российское законодательство и юридические науки в современных условиях: состояние, проблемы, перспективы. – Тула, 2000. – С. 11-12.

3 Шиканов В.И. О междисциплинарной характеристике отдельных видов преступлений / В.И. Шиканов // Криминалистическая характеристика преступлений. – М., 1984. – С. 40-43.

4 Головин А.Ю. Проблемы и пути совершенствования методик расследования отдельных видов преступлений / А.Ю. Головин // Известия ТулГУ. Экономические и юридические науки. – 2014. – № 3. – С. 3-10.

5 Колесниченко А.Н. Научные и правовые основы расследования отдельных видов преступлений / А.Н. Колесниченко: Автореф. дисс... док. юрид. наук. – Харьков, 1967. – 28 с.

6 Сергеев Л.А. Расследование и предупреждение хищений, совершаемых при производстве строительных работ / Л.А. Сергеев: Автореф. дис... канд. юрид. наук. – М., 1966. – 16 с.

7 Белкин Р.С. Курс советской криминалистики: Криминалистические средства, приемы и рекомендации. Пособие для преподавателей, адъюнктов, соискателей и слушателей учебных заведений МВД СССР. Т. 3 / Р.С. Белкин. - М.: Изд-во Акад. МВД СССР, 1979. - 407 с.

8 Лубин А.Ф. Механизм преступной деятельности / А.Ф. Лубин. – Н. Новгород: НЮИ, 1997. – 334 с.

9 Коновалов С.И. Теоретико-методологические проблемы криминалистики / С.И. Коновалов. – Ростов-на-Дону: РЮИ МВД России, 2001. – 207 с.

10 Шакенов А.О. Криминалистика: Оқулық / А.О. Шакенов. – Астана: Фолиант, 2008. – 464 б.

REFERENCES

1 Shakenov, A.O., Elenyuk, A.G., Sharipov, S.R., & Zhunusova, A.Zh. (2015). Spravochnik sledovatelya: Uchebno-prakticheskoe posobie [Investigator's handbook: An educational and practical guide]. Karaganda: Karaganda Academy of the Ministry of internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after B. Beisenov. [in Russian].

2 Belkin, R.S. (2000). Ponyatie, stavshee «kriminalisticheskim perezhitkom» [The concept that has become a «forensic relic»]. Rossijskoe zakonodatel'stvo i yuridicheskie nauki v sovremennyh usloviyah: sostoyanie, problemy, perspektivy. - Russian legislation and legal science in modern conditions: status, problems, prospects. – Tula, 11-12. [in Russian].

3 Shikanov, V.I. (1984). O mezhdisciplinarnoj harakteristike otdel'nyh vidov prestuplenij [On the interdisciplinary characterization of certain types of crimes]. Kriminalisticheskaya harakteristika prestuplenij. – Criminalistic characteristics of crimes. – Moscow, 40-43. [in Russian].

4 Golovin, A.Yu. (2014). Problemy i puti sovershenstvovaniya metodik rassledovaniya otdel'nyh vidov prestuplenij [Problems and ways to improve methods of investigation of certain types of crimes]. Izvestiya TulGU. Ekonomicheskie i yuridicheskie nauki. – Izvestiya TulGU. Economic and legal Sciences, 3, 3-10. [in Russian].

5 Kolesnichenko, A.N. (1967). Nauchnye i pravovye osnovy rassledovaniya otdel'nyh vidov prestuplenij [Scientific and legal bases of investigation of certain types of crimes]. Extended abstract of candidate's thesis. – Kharkov. [in Russian].

6 Sergeev, L.A. (1966). *Rassledovanie i preduprezhdenie hishchenij, sovershaemyh pri proizvodstve stroitel'nyh rabot* [Investigation and prevention of theft committed in the production of construction works]. Extended abstract of candidate's thesis. Moscow. [in Russian].

7 Belkin, R.S. (1979). *Kurs sovetskoj kriminalistiki: Kriminalisticheskie sredstva, priemy i rekomendacii. Posobie dlya prepodavatelej, adyunktov, soiskatelej i slushatelej uchebnyh zavedenij MVD SSSR* [Course of Soviet criminology: Forensic tools, techniques, and recommendations. Handbook for teachers, adjuncts, applicants and students of educational institutions of the Ministry of internal Affairs of the USSR]. Vol. – 3. – Moscow: Publishing house of Academy Ministry of Internal Affairs of the USSR. [in Russian].

8 Lubin, A.F. (1997). *Mekhanizm prestupnoj deyatel'nosti* [Mechanism of criminal activity]. – Nizhny Novgorod: NUI. [in Russian].

9 Konovalov, S.I. (2001). *Teoretiko-metodologicheskie problemy kriminalistiki* [Theoretical and methodological problems of criminalistics]. – Rostov na Donu: RUI MVD of Russia. [in Russian].

10 Shakenov, A.O. (2008). *Kriminalistika: Uchebnik* [Criminalistics: Textbook]. – Astana: Foliant. [in Kazakh].

A.O. Шакенов, кандидат юридических наук, профессор

Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова (г. Караганда, Республика Казахстан)

E-mail: shakenov_ao@mail.ru

О криминалистической характеристике уголовных правонарушений

В данной статье исследуются научные подходы к понятию и сущности криминалистической характеристики преступления, история становления данного понятия, а также обращается внимание на роль и место этой научной категории в теории современной криминалистики. В статье подчеркивается, что криминалистическая характеристика, которая является самостоятельным элементом частной криминалистической методологии расследования преступлений, относится к числу основных понятий криминалистической теории и практики. Автором отмечается, что под словосочетанием «криминалистическая характеристика преступлений» следует понимать обычную систему данных об элементах отдельных видов преступлений и их механизмах. В отношении конкретных преступлений необходимо рассматривать вопрос о системе криминалистической информации, которая сводится к субъекту расследования. В статье подчеркивается значимость категории «криминалистическая характеристика преступления» для противодействия качественно новым преступным проявлениям, среди которых автор выделяет киберпреступления. Автор приходит к выводу о том, что именно сформулированное в статье понятие криминалистической характеристики преступлений способно реализовать наряду с решением научных задач по раскрытию, расследованию и предупреждению преступлений задачи, относящиеся к основным практическим целям расследования, в том числе новых составов уголовных правонарушений.

Ключевые слова: *криминалистическая характеристика преступлений; криминалистически значимая информация, частная криминалистическая методика; расследование преступлений; киберпреступность.*

A.O. Shakenov, candidate of legal sciences, professor

Academician Y.A. Buketov Karaganda State University (Karaganda, Kazakhstan Republic)

E-mail: shakenov_ao@mail.ru

The forensic characteristics of criminal offenses

The research explores the scientific approach to the concept and essence of the forensic characteristics of crimes, the concept's formation history, and also draws attention to the role and place of this scientific category in the theory of modern forensic science. The article emphasizes that the forensic characteristic, which is an independent element of a private forensic methodology for investigating crimes, is one of the basic concepts of forensic theory and practice. The author notes that the phrase "forensic characteristics of crimes" should be understood as an ordinary data system on the elements of certain types of crimes and their mechanisms. Concerning specific crimes, it is necessary to consider the issue of the forensic information system for a specific offence, which is reduced to the subject of the investigation. The article emphasizes the importance of the category of "forensic characteristics of a crime" for countering novel criminal offences, among which the author highlights cybercrime. There is no doubt that this concept of the forensic characteristics of crimes is capable of investigating the main practical goals, including new elements of criminal offences, along with the solution of scientific tasks for the disclosure, investigation and prevention of crimes. As a result, the author concludes that it is precisely the concept of the forensic characteristics of crimes formulated in the article that, along with the solution of scientific tasks for the disclosure, investigation and prevention of crimes, is capable of

implementing tasks related to the main practical goals of the investigation, including new elements of criminal offences.

Keywords: *forensic characteristics of crimes; forensic information, private forensic techniques; investigation of crimes; cybercrime.*